

*Tileuzhanova Gul Khan,
Abdvahytova Gulbanu,
Biesekenova Ainur
al-Farabi Kazakh National University, teachers of kazakh language,
the Faculty of Pre –University education
E-mail: Gulhan_74@mail.ru*

Types of heterogeneity words in Kazakh language

*Тилеужанова Гүлхан,
Абдвахитова Гүлбану,
Бейсекенова Айнұр
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
қазақ тілінің оқытушылары, Жоғары оқу
орнына дейінгі білім беру факультеті
E-mail: Gulhan_74@mail.ru*

Қазақ тіліндегі сөзді түрлендіру амалдары

Тіл — өзінің табиғатында үнемі өзгеріске түсіп отыратын, сол өзгерістердің нәтижесінде жетіліп, дамып отыратын құбылыс. Тілдің даму үдерісі, ең алдымен оның өзіне тән қасиеттер негізінде өз мүмкіндігінше пайдалану негізінде жасалады.

Қазіргі ғылым мен техниканың жедел қарқынмен дамыған кезінде, адамзаттың ойлау жүйесі күрделеніп, рухани өсуге деген ұмтылысы жетілген кезде, тілдің коммуникативтік қызметінің толық көрінуі тілді қоғамдағы қарым-қатынасты реттеу үшін саяси әлеуметтік мақсатта жұмсау құралына айналумен анықталады. Өйткені, қазіргі уақытта тілді оның әлеуметтік, психологиялық, (философиялық) семантикалық, этникалық жағынан зерттелген еңбектерге сүйенсек, тіл әртүрлі көзқарасты тоғыстыратын әлеуметтік күш ретінде танылуда.

Тілдің лексикалық грамматикалық тәсілдері, сөз тудыру, сөз құбылту, сөйлем құрау ережелерін қайталайтыны белгілі. Бірақ тіл қамтитын амал-тәсілдерді әр стиль өзінше жұмсайды, сөйтіп сөз тіркесін, синтаксистік форма құрау ерекшеліктерін тудырады.

Ауызекі сөйлеу тілінде сөзді түрлендіретін түрлі параллель амалдар көп ұшырайды. Ауызекі тілдің ерекшелігі грамматика аясынан ғана табылады деп түсінбеу керек, ауызекі сөйлеу тілдің алуан түрлілікке, эмоциялылыққа, ықшамдылыққа талпынуы лексикадан да айқын байқалады.

Әдеби ауызекі сөйлеу тілі жазба тілдің әсерінен қалыптасты. Бірақ ол тек жазба тілге сүйеніп қана дамып шектелмейді. Ол сөйлеуші бұқараның тіл шығармашылығына сүйеніп, дербес даму жолын тауып келеді және өзінің бойында ауызекі сөйлеу тілінің ыңғайына қарай қалыптасқан тілдік амалдарды, әрі сөз, грамматикалық тәсілдерді жұмсау нормаларын берік сақтап келеді.

Тілде коммуникацияға байланысты екі түрлі тенденция бар. Олар түрлілік пен үнемділік. Түрліліктің бір жағы лексикалық база, морфологиялық форма, синонимге байланысты. Екінші жағы — сөйлеушінің шығармашылығына сүйене отырып, сапа беру. Тілдің дамуына әсер ететін факторлардың бірі осы. Оның мақсаты бірнеше.

Түрлілік — тілдің өмір сүру шартының өте қажетті түрі. Сөйлеу барысында қарым-қатынастың қажеттілігін қанағаттандыру үшін сөйлеуші сөйлеу жүйесінің ықшамдалған, не жайылма түрін қолданады. Сөйлеуші түрлілікті өзін басқа сөйлеушілерден озық ұстау үшін қолданса, екінші жағынан тыңдаушының қызықтыру үшін қолданады. Ол үшін тілдік қабілеттің болуы керек.

Тіл — табиғи өмір сүру шарты бойынша жеке, ал орындалу барысында — әлеуметті. Тіл осы екі полюстің арасында жүреді. Оны жалпы және жеке, абстракты және нақты деп анықтауға болады.

Дербес тілдің гетерогендігі, мынадай белгілермен негізделеді: вариативті, яғни бір ойды немесе мағынаны бірнеше түрмен түрлендіріп жеткізу. Ол стильге және жағдаяққа байланысты болады. Гетерогендік — бұл тілдің табиғи факторларының нәтижесі. Гетерогендіктің тілдік көрінісі бар, ол негізгі үш формада көрінеді.

1. Субстратты гетероген — сөйлеушілердің әр ұлттан немесе халықтан болуы.

2. Әлеуетті гетероген — сөйлеушілердің әлеуметті жағдайы, жасы, мамандығы, білім деңгейі, территориялық жайы.

3. Ситуативті гетероген немесе функционалды гетероген — тілдік амалдың түрленуі, коммуникативті және стильдік факторларға байланысты.

Әлеуетті тұрғыдан тіл гетерогенді деп зерттеген ғалымдар У. Лабов, Л. Крысин болды.

Тілдік қатынас — адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, айту, пікірлесу т. б. әрекеттерге тікелей құбылыс. Адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас деген ұғымды бірдіру арқылы бұл сіздің мағынасы әлде қайда кеңейді.

Тілдік коммуникация — тіл арқылы сөйлесу, ұғынысу дегенді білдірсе, қоғамдық коммуникация — қоғамдық байланыс, қоғамдағы қарым-қатынас дегенді білдіреді. Коммуникация арқылы адамдар сөйлесіп қана қоймайды, өзара түсініседі, пікір алмасады., т. б.

Сөйлеудің әр коммуникативтік жағдайға сай ыңғайланған стилі болады.

Мұнымен бірге сөйлеу үстінде әр кісінің өзіне ғана тән/индивидуальдық/сөз жұмсауы, сөз тіркесін, сөйлем құрау ерекшеліктері болады. Қарым-қатынасқа түсетін адамдардың тілді, сөзді қолдануында өз ерекшеліктері бар. Әр адамның өзінен сөйлеудің жекелік мәні, даралық ерекшелігі келіп шығады.

264 Section 8.

Сөйлеу — коммуникативтік функция атқарумен қатар, адамның ішкі өмірінің рухани байлығын жарыққа шығаратын да құрал. Ол, орынды жеріне қарай, адамның ой-өрісінің, мәдени дәрежесін, ақыл парасатын көрсететін айна. Қазақ халқы сөз өнерін жоғары бағалайды. Тіл тазалығына, сөйлеу шеберлігіне қазақ халқы де ерекше мән берген.

Қазақ тілі білімі о баста ауызекі сөйлеу тілінің фактілерін зерттеуден басталған. Бұлай болуы, бір жағынан, ол кездегі жазба әдебиетінің шама-шарқына байланысты, екінші жағынан, ғалымдардың қазақ тілінің таза халықтық көзін, негізін тауып, сол фактілерге сүйеніп, зерттеуге талпынуына байланысты.

Ауызекі сөйлеу — адамдар арасындағы коммуникативтік қатынастың басты әрі жиі көрінетін формасы.

Сөйлеу — тек лингвистикалық құбылыс емес. Ол психикалық және эстетикалық құбылыс

Тіл — ұлттық құбылыс, ойлау жүйесі адам баласына ортақ құбылыс. Профессор Б. Головиннің пікірінше, тіл мәдениетінің ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілер мен сапалар болды: дұрыстық, дәлдік, логикалық тазалық, мәнерлілік, сөздің байлығы және қисындылық.

Пікір алысу — шығармашылық. Адам сөйлегенде қалыптасқан тұрақты грамматикалық формаларды жұмсап, соның жетегінде қалып қоймайды, сөзін түрлендіріп құрайды, тыңдаушысына тартымды болу жағын қарастырады. Ауызекі сөйлеу тілінде сөзді түрлендіретін түрлі параллель амалдар көп ұшырайды.

Сөзді түрлендіруге жұмсалатын амалдардың бірі — шенеу (диафрагма). *Асан келген жоқ — Келген Асан жоқ; Інісі жақсы оқиды — Інісі жақсы оқитын бала.*

Баяндауыштың сөйлем құраудағы, түрлендірудегі қызметі зор.

Синонимдік құралдар шығарманы түрлендіріп, әрлеп, оның тілін байытады.

Тілдік қарым-қатынас қажеттерін жақсырақ қамтамасыз етіп, ойды толық, әсерлі етіп жеткізу үшін, тілдік көркемдік құралдар қорынан қажетті тіл құралдарын таңдаудан туындайтын контекстік синоним мәселесі стилистиканың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Тілде коммуникацияға байланысты екі түрлі тенденция бар. Олар тілдегі түрлілік пен үнемділік. Түрліліктің бір жағы лексикалық база, морфологиялық форма, синонимге байланысты. Екінші жағы — сөйлеушінің творчествосына сүйене сапа беру. Тілдің дамуына әсер ететін факторлардың бірі осы. Оның мақсаты бірнеше.

Түрлілік — тілдің өмір сүру шартының өте қажетті түрі. Сөйлеу барысында қарым-қатынастың қажеттілігін қанағаттандыру үшін сөйлеуші сөйлеу жүйесінің ықшамдалған не жайылма түрін қолданады. Сөйлеуші түрлілікті өзін басқа сөйлеушілерден озық ұстау үшін қолданса, екінші жағынан тыңдаушыны

қызықтыру үшін қолданады. Ол үшін тілдік қабілеттің болуы керек.

Philology and linguistics 265

Әдебиет тізімі:

1. Головин Б. Н. О качествах хорошей речи.//Русский язык в школе//. – 1964. – № 2
2. Лабов У. Новое в лингвистике. М., 1975. Вып. 7. с. 115/
3. Крысин Л. П. Речевое общение и социальные роли говорящих//Социально-лингвистические исследования. М., 1976.
4. Оразбаева З.Ф. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. – Алматы,2000. – 46 б
5. Болғанбаев Ә. Синоним және олардың жасалу жолдары//Қазақ тілі мен әдебиеті. А., 1958, № 8, 35-бет/